

## ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

*Нұсқау: Сізге берілген төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тапсырмалар беріледі.*

1. Зарина патшайым басқарған мемлекет

- A) Үйсін
- B) Қаңлы
- C) Қарлұқ
- D) Сақ

2. XIII ғасырда бүкіл Еуразияда саяси жағдайдың өзгеруіне себепкер болған оқиға

- A) Қарақытай жорығы
- B) Әмір Темір жорығы
- C) Араб шапқыншылығы
- D) Моңғол шапқыншылығы

3. Қазақ хандығы XV ғасырдың 70-жылдары Сыр бойындағы қалалар үшін 30 жыл бойы соғысты

- A) Шайбанимен
- B) Әмір Темірмен
- C) Әбілқайырмен
- D) Абд ар - Рашидпен

4. 1917 жылы Петропавлда құрылған ұйым

- A) «Жанар»
- B) «Жас қазақ»
- C) «Талап»
- D) «Бірлік»

5. Тың игеру барысында 1954-1955 жылдары дәнді дақылдар егісі аумағын арттыру көзделді

- A) 9,4 млн га-ға
- B) 6,5 млн га-ға
- C) 13 млн га-ға
- D) 7,5 млн га-ға

6. XX ғасырдың екінші жартысында Қазақ елі ғылымының дамуына зор үлес қосқан саяси тұлға

- A) Ж.Аймауытов
- B) А.Байтұрсынұлы
- C) Д.Қонаев
- D) А.Жұбанов

7. Ғұндар империясын дамудың жоғары шегіне жеткізген билеуші

- A) Лаушан
- B) Чжи-чжи
- C) Тұман
- D) Атилла

8. Қазақ тайпалары мен руларын мемлекет етіп біріктіруді алғаш жүзеге асырған саяси тұлғалар

- A) Тәуке мен Шайбани
- B) Әбілхайыр мен Қасым
- C) Керей мен Жәнібек
- D) Есім мен Керей

9. 1854 жылы салынған бекініс

- A) Семей
- B) Ақмола
- C) Өскемен
- D) Верный

10. Жаңа экономикалық саясаттың негізгі белгілерінің бірі

- A) Жалпыға бірдей еңбек міндеткерлігі
- B) Жерді жалға беру, жалға алу
- C) Азық-түлік салғырты
- D) Карточкалық «паек» жүйесі

## XVI-XVII ғғ. қазақ хандары

I. Қасым хан	II. Хақназар хан	III. Тәуекел хан	IV. Есім хан
Сырдария бойындағы қалаларда билігін орнатты. Бұл қазақтардың оңтүстіктегі этникалық аумағының қалыптасуына әкелді. Қасым хан билігі нәтижесінде қазақ халқы өз этникалық аумағы шеңберінде топтасты. Мемлекетті нығайту үшін Қасым хан заң шығарды.	Ханның билік жүргізуі отыз жылдан астам уақытқа созылды. Бұл уақытта мемлекет өмірінде өрлеу байқалды. Ол ұлыстық жүйені жүздік жүйемен алмастырды. Сібір хандығының есебінен солтүстіктегі өз иеліктерін кеңейту нәтижесінде 1579 жылы Мәуереннахр билеушісімен одақтық шарт жасау сәті түсті.	Қазақ сұлтандарын біріктірді және Бұхара ханымен Ташкент пен Сырдария бойындағы қалалар үшін күресті бастады. 1597(1598) - 1599 жылдары Бұхар хандығында саяси дағдарыс басталған кезде, Сырдария бойындағы қалалар Ташкент, Самарқанды алды.	Есім сұлтан 1598 жылы хан атағын ресми түрде мұрагерлікке алды. Өз астанасы етіп Түркістанды таңдады. Көптеген жылдар бойы билік үшін Тұрсын сұлтанмен күрес жүргізді. «Есім ханның ескі жолы» деген атау алған заңдар жинағын бекіткен.

11. Дұрыс дәйектерді анықтаңыз

1. Хақназар хан ұлыстық жүйені жүздік жүйемен алмастырды
  2. Тәуекел хан XVII ғасырдың аяғында бұхарлықтарды жеңіп, Ташкент, Самарқанд қалаларын басып алды
  3. Есім ханның астанасы Түркістан болды
  4. 1579 жылы Мәуереннахр билеушісімен Тәуекел хан одақтық шарт жасады
- A) 2,3  
 B) 1,2  
 C) 1,3  
 D) 1,4

12. Кесте бойынша 1598-1628 жылдары билік құрған ханды анықтаңыз

- A) Есім
- B) Хақназар
- C) Қасым
- D) Тәуекел

13. Тарихи білімдерді қолданып, кестедегі қазақ хандары тарайтын Ақ Орда билеушісін анықтаңыз

- A) Ноғай
- B) Едіге
- C) Ұрыс
- D) Ұлықбек

14. Дұрыс емес дәйекті(-терді) анықтаңыз

*I. Есім хан Бұхар ханы II Абдаллахпен «дос болып өзара көмектесу» жөнінде «ант беріскен шарт» жасасқан*

*II. Хақназар ханның билік жүргізуі отыз жылдан астам уақытқа созылды*

*III. «Есім ханның ескі жолы» деген атау алған заңдар жинағын Есім хан бекіткен*

*IV. «Қасым ханның қасқа жолы» деген атау алған заңдар жинағын Қасым хан бекіткен*

- A) I
- B) II
- C) IV
- D) III

15. Тарихи білімдерді пайдаланып, кестедегі хандардың билік құру кезеңдерін сәйкестендіріңіз

*I. Қасым хан; II. Хақназар хан; III. Тәуекел хан; IV. Есім хан*

*A. 1582-1598 жж.; B. 1511-1518 жж.; C. 1598-1628 жж.; D. 1538-1580 жж.*

- A) I-D, II-C, III-A, IV-B
- B) I-A, II-B, III-D, IV-C
- C) I-B, II-D, III-C, IV-A
- D) I-B, II-D, III-A, IV-C



«Жоңғария өзімен көрші мемлекеттердің жерін тартып алуды көкसेген, барынша әскерилендірілген мемлекетке айналды. Жоңғария тұрғындары да қазақтар сияқты көшпелі және жартылай көшпелі халық еді. Негізінен мал шаруашылығымен айналысты».

16. Картада жеті санымен белгіленген Қазақ хандығына қауіп төндірген мемлекетті анықтаңыз

- A) Жоңғар хандығы
- B) Бұқар хандығы
- C) Хиуа хандығы
- D) Қоқан хандығы

17. Картадағы белгіленген сандар бойынша Жоңғар хандығының орналасқан аумағын анықтаңыз

- A) 2
- B) 5
- C) 4
- D) 7

18. Мәнмәтін бойынша жоңғарлардың қазақ хандығына басқыншылық жорықтарының себепін анықтаңыз

- A) Қазақтардың жерлеріне бекіністер орнату
- B) Шұрайлы жайылымдарды басып алу
- C) Еділ қалмақтарына көшуге жағдай жасау
- D) Ресей империясының жерлерін басып алу

19. Картадағы 3 санымен белгіленген, солтүстіктен қауіп төнген елді анықтаңыз

- A) Қарашайлар
- B) Қалмақтар
- C) Енисей қырғыздары
- D) Сібір казактары

20. Дұрыс дәйектерді анықтаңыз

- I. Батыстан орыс-казак әскерлеріне сүйенген Еділ қалмақтары қауіп төндірген*
- II. Жоңғарлар 1735 жылы Түркістан мен Ташкентті басып алды*
- III. Жоңғарларға қарсы Аңырақай шайқасына ашыын Жалаңтөс батыр қатысты*
- IV. Жоңғар шапқыншылығы Орталық Азиядағы халықаралық қатынастардың өзгеруіне әсерін тигізді*
- V. Жәңгір хан 1652 жылғы шайқаста Алатаудың бөктерін жаулап алды*

- A) I, II
- B) III, IV
- C) I, IV
- D) II, IV

**ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНАН СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**